



Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайын талдау

ЕСЕПТЕМЕ ТҮЙІНІ

2019

Қазақстан 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру бойынша өзінің алдына маңызды стратегиялық мақсат қойды. Бұл ретте халықтың жалпы санының 31,4%-ын құрайтын қазіргі балалар мен жасөспірімдер оң өзгерістерді бәрінен көп сезінетін болады және сондықтан да қойылған мақсатты іске асыруда белсенді қатысушылар болуы тиіс.

Бұл құжатта ел дамуының басым бағыттарының ортасында балалардың орын алуына бағытталған талдау мен ұсынымдар берілген. Есеп балалардың құқықтарын ілгерілетуде қол жеткізілген елеулі прогрессті растап, олардың осалдығына әсер ететін факторларды анықтайды.

Қазақстанда балалардың құқықтарын іске асыру үшін айтарлықтай қолайлы орта қалыптасты. Бірқатар халықаралық конвенциялар ратификацияланды, балалардың құқықтарын қорғау саласындағы бағдарламалар іске асырылуда, Бала құқықтары жөніндегі өкілетті институт құрылды. Денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік саладағы инвестицияларды мемлекеттік қолдау тұрақты деңгейде жүзеге асыруда, бірақ жалпы олардың көлемі ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткішке қарағанда әлі де әжептәуір төмен болып отыр. Қазақстандағы балалардың құқықтарына байланысты деректер салыстырмалы түрде ауқымды болғанымен, бірақ сонымен бірге балалардың осал топтары бойынша тұтастай қамтитын сектораралық және дезагрегацияланған деректер жеткіліксіз.

Қорытындылар

Қазақстанда соңғы жылдары ана өлім-жітімінің көрсеткіштері тұрақты төмендеуде, дегенмен ана өлім-жітімінің көпшілігін алдын алуға болған. Қазіргі уақытта барлық балалардың дені сау болып өсуіне мүмкіндік бар, сондықтан бес жасқа дейінгі балалар арасында алдын алуға болатын өлім-жітімнің барынша жоғары деңгейі алаңдаушылық туғызады. Ел бойынша иммундау деңгейі жоғары, алайда, жақында қызылшаның тарауы көрсеткендей, екпелердің маңыздылығы туралы халықтың хабардарлық деңгейін арттыру бойынша қосымша шаралар қабылдау қажет. АИТВ-инфекциясының анадан балаға берілу жағдайлары түгелге жуық жойылды. Жарақаттанушылық Қазақстандағы балалардың өлімі мен ауруханаға жатуының негізгі себебі болып отыр. Мысалы, 2017 жылы 4 189 бала түрлі жарақат алды, 193 бала жол-көлік оқиғасы салдарынан қайтыс болды. Дағдылар мен қаржының жетіспеушілігі әлеуметтік нормалармен үйлестікте мүгедектігі бар балалар өз отбасыларында жиі тиісті күтімді алмайтынын білдіреді; тұратын жері бойынша денсаулық сақтау қызметтері, ерте қолға алу және әлеуметтік қызметтер шектеулі немесе қол жетімсіз, әсіресе ауылдық жерлерде.

Әйелдер мен балалардың тамақтануын жақсарту бойынша қол жеткізілген ілгерілеуге қарамастан, балалардың тойып жей алмауы, сондай-ақ дұрыс тамақтанбауы мен семіздігі денсаулық сақтау

саласындағы өзекті мәселелер болып табылады. Қазақстан тұрғындарының тұзды тұтыну деңгейі, әлемдегі ең жоғары тіркелген көрсеткіш болып табылады. Бала емізу көрсеткіштері жақсарды. Алайда алты айға дейін тек қана емшек сүтімен емізілетін балалардың саны тек 38%-ы ғана құрайды, бұл халықаралық стандарттарға сәйкес салыстырмалы түрде төмен көрсеткіш болып табылады. Сондай-ақ, ұлттық заңнамада емшек сүтінің орнына қолданылатын алмастырғыштарды өткізу жөніндегі халықаралық жинағының ережелері жеткіліксіз көрініс тапқан.

Білім беру саласында едәуір ілгерілеуге қол жеткізілді. Жалпы алғанда 15 жылдық жиынтық білім қоры бар еңбекке қабілетті жастағы қазақстандықтар посткеңестік кезеңдегі басқа мемлекеттерге қарағанда білімдар. Елімізде 15-24 жас аралығындағы жастардың сауаттылық деңгейі 99,9% - ды құрайды. Алайда, халықаралық тесттердің нәтижелері бойынша оқушылардың білім деңгейі ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткішінен төмен болып қалуда. Нарықты әртараптандыруға және өнімділіктің өсуіне жәрдемдесу үшін білім берудің сапасы мен өзектілігін, сондай-ақ оның жұмысқа орналасуға қосқан үлесін арттыру қажеттілігі бар.

2017 жылы мемлекеттік инвестициялардың ұлғаюына және кіші жастағы балаларға арналған білім беру мекемелерінің (КЖББМ) жылдам өсуіне байланысты 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 90,5% КЖББМ бағдарламаларымен қамтылды. Сонымен бірге, осы уақытқа дейін мүмкіндігі шектеулі балалардың ұзақ күту тізімдеріне байланысты мектепке дейінгі білім беруге қол жеткізу проблемалары шешілмеген.

Әрине, қолжетімді және тиісті түрде дайындалған педагогтары бар Қазақстандағы **инклюзивті мектептердің** саны үнемі артып келеді, бірақ ерекше білім беру қажеттілігі және/немесе мүгедектігі бар барлық балаларды қамту үшін олар жеткіліксіз.

Кейбір балалар мектепке барудан тыс қалуда. Білім беру жүйесімен қамтылмаған балаларға әсер ететін көптеген қауіп факторлары бар, оның ішінде инклюзивті білім алу үшін мүгедектігі және шектеулі мүмкіндіктері бар балалар, өзін-өзі төмен бағалау мен тұрақсыздық, жүктілік, қажетті құжаттардың болмауы, балаларды мектепке жеткізу үшін көліктің жоқтығы, отбасы тарапынан қолдаудың болмауы, сондай-ақ мектептегі зорлық-зомбылық және қорлауды атап өтуге болады.

2000 жылдан бастап кедейлікте тұратын балалар саны күрт қысқарды. Осы көрсеткіштің жақсарғанына қарамастан, балалардың 15,6%-ы табыс деңгейі нашар отбасыларда тұрады және балалар кедейлігі тұрғысынан Қазақстан өңірлері арасындағы теңсіздік айтарлықтай болып отыр. Атаулы әлеуметтік көмекпен қамту, әдетте, табыс бойынша кедейлікті азайтуға жағдай жасайды, бірақ ауқаты төмен отбасылардағы балаларға арналған жәрдемақы мөлшері тым төмен. Президенттің күнкөрісі төмен отбасыларды қамтуды кеңейту туралы нұсқауларын іске асыру балалары бар күнкөрісі төмен отбасылар үшін үй шаруашылықтарының тиісті кіріс деңгейін

қамтамасыз етеді деп күтілуде. Алайда, әлеуметтік қорғау жүйесі балалардың үйде қалуы үшін отбасыларға қолдау көрсету жөніндегі қызметтерді ұсыну үшін қажетті ресурстар мен мүмкіндіктердің жетіспеушілігін көруде, бірақ балаларды қорғау үшін институцияландыру тәжірибесі жиі қолданылады.

Отбасындағы зорлық-зомбылықты болдырмау жөніндегі заңнамалық базаны жетілдіруге қарамастан, **балаларға қатысты зорлық-зомбылық кең таралған тәжірибе болып табылады.** Интернаттық мекемелердегі балалар әдеттегі мектептердегі оқушылармен салыстырғанда (17,6%) ата-аналар/ересектер тарапынан екі есе жиі физикалық зорлық-зомбылыққа ұшырайды (39,5%). Балаларға қатысты жыныстық зорлық, қорлау және жыныстық қанаушылық ел үшін маңызды мәселе болып қалуда.

Қазақстанда ювеналдық әділет жүйесін енгізудің оң сәті кәмелетке толмағандарға қатысты айыптау үкімдерін шығару бойынша көрсеткіштерді едәуір қысқарту болып табылады. Барлық облыс орталықтары мен ірі қалаларда кәмелетке толмағандардың істері бойынша сотты тағайындаумен қоса алғанда, **кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған соттар** (19) құрылды. Осыған қарамастан, әр түрлі қылмыстардың құрбаны болған 2000-нан астам балалар мен жасөспірімдер жеткілікті қолдау ала алмауда.

Баланың толыққанды дамуы үшін балалардың отбасында тұруы тәрбиелеудің басым түрі деп мемлекетпен танылған. Жаңа туған нәрестелерден бас тартуды болдырмау мақсатында жүктіліктің ерте кезеңдерінде баладан бас тарту қаупі бар тәуекел тобындағы әйелдерді, аналарды анықтау және мұндай отбасылар мен ата-аналарға жүктілік кезінде, босану кезінде және босанғаннан кейін жан-жақты қолдау көрсету қисынды және орынды. Елімізде мүмкіндігі шектеулі балаларға қызмет көрсету деңгейі өте шектеулі, мұндай қызметтер ауылдық жерлерде іс жүзінде жоқ. Нәтижесінде **көптеген мүмкіндігі шектеулі балалар интернат үлгісіндегі мемлекеттік мекемелерде тұруға мәжбүр.**

Әлеуметтік жетімдік проблемасы немесе биологиялық ата-аналар (немесе ата-аналардың біреуі) тірі, бірақ өз баласын тәрбиелеу және күту мәселелерімен айналыспайтын жағдай күрделі мәселе болып табылады. Ата-ана құқығынан айыру көрсеткіші жоғары болып қалуда, 2017 жылы ол 3 153 жағдайды құрады.

Қазақстанда жасөспірімдік кез "екінші мүмкіндіктер терезесі" ретінде жиі қарастырылады. Бұл шақ ерте балалық шағында үлгерімі, не жағдайы нашар болған балалардың дамуына инвестиция жасау, жақсы мінез-құлықты ынталандыру және балаларға екінші мүмкіндіктерді беру үшін ең қолайлы шақ.

Өзіне-өзі қол жұмсау елдегі жасөспірімдер өлімінің басты себептерінің бірі болып қалуда. Психикалық денсаулықтың бұзылуы және оларға қатысты депрессия мен үрей сияқты проблемалар көбінесе суицидтік мінез-құлықпен байланысты.

Психикалық денсаулықты қолдауды қажет ететін балалар мен жастарға арналған кәсіби қызметтер күрделі психологиялық проблемаларды шешу үшін әрдайым сәйкес келе бермейді.

11-15 жастағы балалардың 70% - дан астамы интернетті пайдаланады, ұялы телефондар мен компьютерлері бар, осылайша электрондық кеңістікте кибербуллингтен қорғансыз болып қалуда. Алайда, ел бойынша Интернеттегі қудалау туралы нақты деректер жоқ.

Ерлер мен әйелдер арасындағы теңдікті қолдау үшін заңнамалық деңгейде қабылданған бастамаларға қарамастан, әйелдер мен қыздардың неғұрлым маргинализацияланған топтары іс-жүзінде тап болатын кемсітушілік заңдардың, әлеуметтік нормалардың, практикалардың сақталуы нақты **гендерлік теңсіздікке** әкеледі. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық, балаларды күту жөніндегі ақы төленбейтін үй жұмысын бөлудегі теңсіздік, жыныстық және репродуктивтік денсаулық пен әйелдер мен қыздардың құқықтарының бұзылуы, сондай-ақ олардың қоғамдық өмірге, жеке және мемлекеттік шешімдер қабылдауға тең емес қатысуы ең бір маңызды мәселелер болып табылады.

Осал балалардың келесі топтары үйлестірілген және мақсатты қолдауды қажет етеді: мүгедектігі бар балалар; кедей отбасылардағы балалар; жыныстық зорлықты қоса алғанда, зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар мен әйелдер; мектепке бармайтын балалар; тіркелмеген мигранттардың балалары және психикалық денсаулығы әлсіз балалар мен жасөспірімдер.